

**Кентау орталық қалалық ауруханасының
ұжымының жалпы жиналасының
ХАТТАМАСЫ**

№1

6 наурыз 2024 жыл

Кентау қаласы

**Төрағасы: Утебаев Асылбек Бакитбекович – Басшы.
Хатшылықта: Иманкулов Талғат Султанбекұлы – заң кеңесшісі.
Жиналышқа қатысушылар: Кентау ОҚА ұжымының қызметкерлері.**

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Кентау орталық қалалық ауруханасы» ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР Қылмыстық кодексінің 366,367 және 368 баптарын және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014ж. 5 шілдедегі ҚР Кодексінің 34-тaraуындағы көрсетілген жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде баяндама жасау.

Төрағалық етуші, басшы Утебаев А. Күн тәртібінде бекітілген мәселе бойынша баяндама жасау үшін, заң кеңесшісі Т.С.Иманкуловқа сөз берді.

Баяндамашы Т.С.Иманкулов өзінің баяндамасында, сыбайлас жемқорлық бойынша Қазақстан Республикасында 18 қараша 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 ж. 5 шілдедегі ҚР Кодексінің 34-тaraуында және ҚР Қылмыстық Кодексінде қылмыстық жауапкершілік қараптырылғанын мәлімдеді.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылыққа жол бергендерге қылмыстық жазалар қараптырылған. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық Кодексінің 366-бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамның пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындағы әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлікмүлікке құқық немесе мулік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуды мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде

айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сонымен қатар Қылмыстық Кодексінің 367-бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды, орындауға үекілеттік берілген адамға не оған тенестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру-мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады және ҚР Қылмыстық Кодексінің 368- бабына сәйкес, паракорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал ету-мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 ж 05 шілдедегі ҚР Кодексінің 34-тaraуындағы 676-681 баптарында әкімшілік жауапкершілік қарастырылғаны түсіндірілді. Жалпы жиналысқа қатысушылар баяндамашының жасаған баяндамасын талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып, сыйбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу керектігі жөнінде ойларымен бөлісті.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша

ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 ж 5 шілдедегі ҚР Кодексін ҚР Қылмыстық Кодексін талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыруды;

2. Аурухананың бөлім басшылары бекітілген кесте бойынша БАҚ-да сыйбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу мақсатында мақала жариялада отыруды.

Жалпы жиналыс төрагасы:

А.Б.Утебаев

Жалпы жиналыс хатшысы:

Т.С.Иманкулов

